



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Таким образом, можно сделать вывод, что бизнес женщин, выступает в форме индивидуального предпринимательства (ст.7 Закона РК от 31 января 2006 года № 124-III «О частном предпринимательстве»), крестьянского хозяйства, в котором предпринимательская деятельность осуществляется в форме семейного предпринимательства, основанного на базе общей совместной собственности (п.3 ст.1 Закона РК от 31 марта 1998 года № 214-I «О крестьянском или фермерском хозяйстве»).

В поддержку женского предпринимательства в Казахстане будет выделено 41 миллионов долларов, что является важным аспектом в развитии предпринимательства в целом.

В будущем, необходимо с законодательной стороны обеспечить правовую защиту деятельности бизнеса женщин, так как именно малый бизнес, является самым уязвимым началом предпринимательства.

В конце хотелось бы сказать, что женщина в своей повседневной жизни должна находить время, как для работы, так и для семьи, уделять внимание своему духовному и физическому состоянию и росту, оставаться женственной и находить время для любимого занятия и общения с близкими и друзьями. Одним словом, чтобы сделать свою жизнь гармоничной, необходимо просто стремиться к равновесию в жизни и делать все с душой. Президент РК, в свою очередь, всячески способствует созданию всех условий для современных женщин, оказывая содействие в развитии малого и среднего бизнеса и гендерного равенства.

Список используемой литературы:

1. Конституция РК от 30.08.95// <http://online.zakon.kz>
 2. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 // <http://www.akorda.kz/ru/page/page>
 3. Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы от 29 ноября 2005 года // <http://online.zakon.kz>
 4. Статья: " Кто воспитывает нацию? Женский лик власти", источник: семейный журнал "Отбасым", издание от 22.08.2012 // <http://otbasym.kz/journal/archives/18>
 5. Дана Орманбаева // <http://www.danapartners.kz/ru/dana>
 6. Ая Бапани // <http://esquire.kz/content/479>
 7. Оксана Ким-Флайоск и Заузамира Абишева // <http://expertonline.kz/a11299>
 8. Статья: "У бизнеса не женское лицо", источник: семейный журнал "Отбасым", издание от 04.10.2012 // <http://otbasym.kz/journal/archives/79>
- Сообщить в Яндекс о проблеме

УДК 347.25

ИПОТЕКАЛЫҚ ЕСИЕ АЛУ НЕГІЗДЕРІ

Шыңмұратқызы Әмина

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Қазіргі таңда, баспанаға қол жеткізудің өзекті мәселелердің бірі ипотека. Қандай да жеке тұлға болмасын ол отбасын құрап, өзінің баспанасы болуын қалайды. Бірақ әрбір жас отбасылардың қазіргі таңдағы элиталық немесе қарапайым үйлерді алуына қаражаттары жетпейді. Осы әлеуметтік мәселені шешуде несиелеу механизмінің маңызы ерекше. Тұрғын үйлерге байланысты және қаражаттары шамалы бірақ тұрақты жалақы бар азаматтарды несиелеудің ең ыңғайлы жолы мен түрі ипотекалық несиелеу болып табылады.

«Ипотека» деген термин ең алғаш рет біздің эрамызға дейінгі I – II ғасырларда Рим қаласының территориясында пайда болды. Ежелгі Грекияда біздің эрамызға дейінгі VI ғасырларда пайда болды. Ипотека термині (грек. *Nypotheke*) кепілдік, кепілзат немесе кепілге салу деген мағынаны білдіреді. 2002 жылғы 1 – қыркүйектегі «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ипотекалық несиенің кепілге берілген жылжымайтын мүлік немесе ондағы үлесі кепіл берушінің немесе үшінші тұлғаның иелігі мен пайдалануында қалатын кепіл түрі. Жылжымайтын мүлік – жер учаскелері, сондай-ақ үйлер, ғимараттар және жермен берік байланыстағы өзге де мүліктер, яғни ауыстырылуы олардың мақсатына шектен тыс зиян келтірусіз мүмкін болмайтын объектілер. Қарапайым тілмен айтқанда, ипотекалық несиенің кепілге берілетін несиесі.[1]

Ипотека термині АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция елдерінде жақсы дамыған. Соның ішінде, АҚШ-тың ипотекалық несиенің нарығы әлем бойынша ең ірі болып табылады. Қазақстанда ұзақ мерзімді ипотекалық несиелендіру жүйесі 2000 жылдан басталды. Айта кету керек, біздің еліміз ипотекалық несиенің «Кагамас Берхард» атты малайзиялық үлгісін қабылдады. Ол бұл елде ипотекалық құнды қағаздар нарығын құру үшін қолға алынған екен. Ипотекалық несиенің халықтың тұрғын үй жағдайының жақсаруына, коммерциялық банктердің тиімді және пайдалы жұмыс жасауына, сондай-ақ еліміздегі құрылыс кешенінің қарқынды дамуына мүмкіндік жасайтынын әлемдік тәжірибе дәлелдеп берді. Жылжымайтын мүлік бағасының шамадан тыс өсуіне, тұрғын үй құрылысына инвестиция жұмсау деңгейінің төмендегі жағдайына байланысты орташа табысы бар әлуэтті қарыз алушы ипотекалық несиені алу мүмкіндігінен айырылып қалуда. Мұндай мәселелерді шешуде Қазақстан жұмыс жасап отырған қазіргі тұрғын үй ипотекалық жүйесін дамыту мен жетілдірудің маңыздылығы теориялық және тәжірибелік тұрғыдан арта түседі. Ипотекалық несиенің кепілге берілетін несиесі жеке тұлғаларды несиелендірудің бір түрі болып табылады. Ипотекалық несиенің экономикалық мағынасы жағынан – бұл банктен немесе басқа да қаржы ұйымдарынан ссуда алу мақсатымен жылжымайтын мүлік кепілінің алуан түрлілігі болып табылады.[2]

Қазақстан Республикасында ипотекалық несиенің жүйесі екі деңгейлі болып қалыптасты. Бірінші деңгейде кредиторлар ипотекалық кредиттер бойынша талап құқықтары мен кепілдік қатынастардың сатып алуды жүзеге асыратын қайта қаржыландырушы ұйымдары, ал екіншісі ипотекалық несиені беретін банктер мен банктік ұйымдар түріндегі бастапқы кредиторлар. Тұрғын үйді сатып алу немесе құруға ипотекалық несиелендіру жүйесі, ең бірінші тұрғындардың екінші деңгейдегі банктер – несиені берушілерден тартылған қаржылық ресурстарды тиімді пайдалануына негізделеді. Аумақтарда ипотекалық тұрғын үйді несиелендіру жүйесінің дамуының түрі мен көлемі аумақтағы нақты экономикалық жағдаймен, тұрғын үйге төлем қабілеттілігінің сұраныс пен ұсынысқа толық жауап беруімен, сондай-ақ аумақтық қажетті нормативтік – құқықтық базамен негізделген инфрақұрылымның қалыптасуымен анықталуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы Григорий Марченко: "Ипотекалық проблемаларға келетін болсақ, олармен жалпы республика бойынша да жекелеген өңірлерде де жұмыс жасалды. Бұндай ипотекашылардың саны шындығында бірнеше ондаған мың адамды құрайды. Мен бұл туралы ұдайы айтып жүрмін тағы да қайталаймын: біздің елімізде зейнеткерлердің, мүгедектердің саны олардан әжептәуір көп. Біздің ойымызша, экономиканың басқа да салаларында проблемалар жеткілікті. Сондықтан да, ипотекалық проблемаларды ұдайы көтере берген дұрыс емес" – деп мәлім етті.[3]

Дамыған елдерде ипотека алу өте пайдалы. Мұны неден білуге болады? Олардың ай сайын алатын айлық табысы мен банктің пайыздық несиенің деңгейін және инфляция деңгейін салыстырып қарасаңыз, ипотеканың тиімділігіне көз жеткізесіз. Неге? Біріншіден, оларда инфляция қарқыны төмен. Екіншіден, ай сайын алатын жалақы мөлшері өте жоғары. Мысалы, Германияда орта деңгейдегі автокөлік алу үшін үш айдың жалақысы жетеді. Мұндай жалақысы бар адам, әрине, үй алу үшін алған ипотекалық несиені оңай қайтарады. Ал бізде ортанқол машина алу үшін жалақыңды кем дегенде бес жыл жинасаң да ала

алмайсың. Жалақы деңгейі – ең бірінші кезекте ипотеканың қаншалықты тиімді екенін көрсететін фактор.

Ипотеканың пайызы шетелде өте төмен. Американы алайық, Германияны алайық, оларда бұл 3 – 4 пайыздан аспайды. Бізде ипотека деңгейі 7 – 10 пайыз.

Ипотекалық несиелерді қолжетімді ету, сонымен қатар оларды неғұрлым арзандату біздің басты мақсатымыз болып қала бермек.. Біздің мамандарымыздың ойынша, Еуропаның көптеген дамыған елдерінің, АҚШ-тың ипотекалық несиелендіру тәжірибесімен танысып, ең жоғары деңгейдегі банктік технологияларды зерттеп, үйренді.

Осындай мақсатпен «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ құрамында арнайы құрылымдық бөлім – ақпараттық жұмыс орталығы (АЖО) құрылды. АЖО қызметінде осы заманғы компьютерлік бағдарламалар мен жабдықтарды пайдалануды жоспарлап отырмыз. Бұл банктердің ипотекалық несиелер бойынша операциялық қызмет көрсетуде еңбек және уақыт жағынан шығындарын едәуір азайтуға жәрдемдеседі.[4]

Ипотекалық неселеу нарықтық экономикада кеңінен таралған несиелеудің формасы болып табылады. Ол қозғалмайтын мүлікті кепілзат арқылы, сонымен қоса жер меншігі арқылы беріледі. Жер меншігі нарықтық несиелік қатынастар жүйесіне кәсіпорындарды, ұйымдарды, фирмаларды, халықты тартады. Ипотекалық несиелеу кәсіпорындардың, фирмалардың және құрылыстың қажеттіліктерін мемлекеттік қаржы көздерінің орнын басуында үлкен рөлін атқарады. Ипотекалық несиелеудің дамуы инфляцияның жоғары қарқынды жағдайында және ұзақ мерзімдік несиелесу ресурстарының тапшылығы жағдайында шаруашылық жүргізетін субъектердің инвестициялық белсенділігін үлкейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстан ипотекалық компаниясының несиелендірудің нәтижесінде ішкі инвестициялау – халық жинақтары, институтционалды инвесторлардың ақшалары тартылуда. Экономиканың нақты секторының, дәлірек айтқанда құрылыстың жанама қаржыландыруы жүруде. Ескі тұрғын үй қорын ауыстыру мен жаңартудың, инфрақұрылым дамуының мемлекеттік проблемалары араласудың шешілуде. Мұның бәрі салық базасының өніміне пайыз мөлшерлемелерінің төмендеуіне, сондай-ақ бастапқы жарна сомасының азаюына әкелері сөзсіз. Ұзақ мерзімді ипотекалық тұрғын үй несиелендіру жүйесі сәйкес мемлекеттің қолдауынсыз ипотекалық несиелесу бойынша пайыз мөлшерлемесін азайтуға және оны өтеу мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін заңдылық шаралар кешенін қолдануынсыз табысты әрекет ете алмайды.

Қазақстанда орта тап санының өсуі ипотеканы өркениетті стандарттарға жеткізеді және бүгінгі ипотеканы өркениетті стандарттарға жеткізеді және бүгінгі ипотека, өз кезегінде дами және жетіле отырып, жалпы қоғамды дамытуға өз үлесін тигізеді.

Сондықтан «несиелесу-тұрақтылық» көрсеткішінің 2 мағынасы бар: «несиелесу неғұрлым көп берілсе, қоғам соғұрлым тұрақты болады», сонымен бірге керісінше – «экономика және жалпы қоғам тұрақты болған сайын, ипотекалық несиелесу де көп болады».

Қорыта келгенде жылжымайтын мүлікті кепілге салу арқылы болатын ссуданы ипотека несиелесу ретінде ұғуға болады. Ол тұрғын үй құрылысын салуға және сатып алуға, жер сатып алуға беріледі әрі ұзақ мерзімді сипатқа ие. Ипотекалық несиелеу нарықтық экономиканың ажырағысыз элементі болып табылады.[5]

Ипотекалық несиелеу саласында маңызды өзгерістер байқалмайды. Тек қана бір банк тұрғындық қарыздарды беру шарттарын қайта қарап жатыр. Жыл қорытындысы өсуді көрсеткеніне қарамастан ипотекалық несиелеудің көлемдері азаяды. Аталған қызмет түрі көлем жағынан бөлшектік қарыздардың басқа түрлерінен айтарлық артта келеді. Тұрғындардың төлем қабілеттілігі құлау үстінде, банктер несиелесу алуға үміткерлерді іріктеуді қатаң түрде қолға алды. Жылжымайтын мүліктің бағасы бойынша келешектегі болжамдар екі ұйғарымға сәйкес келеді. Кейбір сараптамашылар жағдайдың бұрынғыша қалатынына, тұрғын үй құнының инфляцияның өсуіне сәйкес жоғарыға көтеріле беретініне сенімді. Басқалары баға шамадан тыс жоғары, демек, әрі қарай төмендеуге үміт артуға болады деп санайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тұрғын үй құрылысы мәселесін шешудегі ипотекалық несиенің орны, Шинетова, С.Г. Астана 2007ж
2. Қазақстандағы ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайдағы мәселелері және даму болашағы, Мухитбекова А.М.
3. «Ипотекадан өрт шығуы әбден мүмкін», Ғазиз Құрмашұлы
4. А.Ж.Тұрлыбекова. Қазақстан ипотекалық компаниясы және тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. //ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. №1. 2006ж.
5. Сағындықова Н. «Ипотекалық игіліктер», Егемен Қазақстан, 2004ж. 23 қаңтар.

11.9 Уголовно-правовая политика

УДК343.122

ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ АЙҒАҚТАРЫН ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ РЕТІНДЕ ТАҢУ

Абулкаирова Алия Мұқсинқызы

a..l..i..y..a@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші - з.ғ.к. Ашимова Э.А

Қылмыстық процесті жүргізуші мемлекеттік органдардың алдында, әрбір қылмыстық іс бойынша объективті шындықты анықтау мақсаты тұрады. Осы шартты орындауменен, яғни объективті шындықты анықтауменен прокуратура, сот және тергеу органдары, ҚР ҚІЖК 8-бабында анықталып көрсетілген қылмыстық процестің орасан зор мақсаттарын тиімді орындай алады.

Қылмыстық іс бойынша шындықты орнату, өмірде орын алған бейнені қалпына келтіру, зерттеу пәні болып тұрған мән-жайларды немесе фактілерді білу, дәлелдеу, айқындау, оларға дұрыс қоғамдық-саяси және құқықтық баға беру дегенді білдіреді. Сол фактілерді анықтаудың жалғыз құралы сот дәлелдемелері болып саналады, яғни сот, тергеуші және анықтау органы заңмен көзделген тәртіп негізінде қоғамға қауіпті іс-әрекеттің бар немесе жоғын, сол әрекетті жасаған адамның кінәлілігін осы істі дұрыс шешуге зор үлесін қоса алатын қандай да болмасын іс жүзіндегі деректер арқылы анықтай алады. Дәлелдемелер істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды көрсететін фактілі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде қолданылады. Олар: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен (ҚР ҚІЖК 111-бабының 2-бөлігі). Олар әдетте іс жүзіндегі деректердің қайнар көздері деп аталады. Жәбірленушінің, куәнің, күдіктінің, айыпталушының айғақтары, ҚР ҚІЖК 112-бабы 1-бөлігіне сәйкес, егер олар қылмыстық іс жүргізу кодекстің талаптарын бұза отырып, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзумен алынбаған кезде, дәлелдемелердің түрлері немесе дәлелдеу құралдары болып табылады [1].

Осы дәлелдемелер қайнар көздерінің қатарында аса маңызды орынды жәбірленушілер алып отыр. Себебі қылмыстық істің қозғалуы, оның әрі қарай жылжуы көп жағдайларда жәбірленушінің берген айғақтарына тікелей байланысты.